

**"Теміржол көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 19 сәуірдегі № 267 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2024 жылғы 21 мамырдағы № 181 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 27 мамырда № 34407 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Теміржол көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 19 қазандағы № 267 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32343 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теміржол көлігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта:

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Паспорт "Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51/ке бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) сәйкес әзірленеді.";

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. ТТО объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету қол жетімділігі шектеулі күзетілетін аймақтарды, бақыланатын аймақтарды белгілеу және қорғау, өткізу және объектішілік режимдерді қамтамасыз ету, ТТО объектісінің күзетілетін аймағында орналасқан жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды күзету , сондай-ақ бақыланатын аймақтарға өтетін қызметкерлерді, келушілерді, жолаушыларды, қол жүгін, багажды бақылау және тексеру жөніндегі іс-шараларды қамтиды. объектінің аймақтары нақтыланады.

ТТО теміржол инфрақұрылымы объектілеріне мыналар жатады:

- 1) Компанияның әкімшілік ғимараты;
- 2) "сыныптан тыс" теміржол вокзалдары;

- 3) "1" сыныпты теміржол вокзалдары;
- 4) "2" сыныпты теміржол вокзалдары;
- 5) "3" сыныпты теміржол вокзалдары.

Вокзалдардың сыныптылығы "Теміржол вокзалдарының сыныбын айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 21 қаңтардағы № 31 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10300 болып тіркелген) айқындалады.";

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"72. "2" және "3" сыныпты теміржол вокзалдары құлақтандыру жүйесімен, резервтік электрмен жабдықтау құралымен, телевизиялық күзет жүйесімен, байланыс құралымен, кіруді бақылау және басқару жүйесімен жарақтандырылады."

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрінің Теміржол және су көлігі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Көлік министрі*

*М. Карабаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі